

Қобда ауданында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 2015 жылғы 4 қарашадағы № 219 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 23 қарашада № 4595 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 250 шешімімен

Ескерту. Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 14.01.2016 № 250 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 387, 444 баптарына сәйкес, Қобда аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қобда ауданында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелері және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері он есеге жоғарылатылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессияның төрайымы
Ж.АТАМҰРАТОВА*

*Аудандық мәслихатхатшысы
Л.ИСМАҒАМБЕТОВА*